

Тексерілді *Ураза*  
Әдіскер: Уразалина Г.Б

Бекітілді *Л.Б.*  
Бестамак "Болашақ" балалар бақшасының  
менгерушісі Курманова Л.Б.

## Бестамак "Болашақ" балалар бақшасы

"Кош келдін, әз Наурыз!"

"Күйршақ" кіші, "Солнышко" аралас топтары  
арасында өткізілген ойын-сауық

Ұйымдастырущылар: тәрбиешілер және  
музыка жетекшісі: Наурзалиева А.А.

**1-Жүрг:** Армысыздар құрметті балалар, қонақтар!

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

Ұлан ғайыр қазак жерінде

Сарыарканың төрінде

Ұлыстың ұлы күні

Наурыз мейрамын қарсы алуға шақырамыз

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі


Ендеше, бүгінгі «Қош келдің, әз Наурыз» атты ойын-сауығымызды бастаймыз.

**Жүрг:** ҚУАНЫШ - бак тілеп еліме,

МЕРЕКЕ - құт тілеп жеріме.

Әлемді аралап, шарқ ұрып,

Келдің бе Наурыз төріме!



**Жүрг:** Күлімдеген мына көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жылда келіп жетті.

Әр адам осы наурыздан үлкен үміт қутіп, жақсы тілекпен қарсы алады. Эн айтылып, күй тартылып би билейді. Ендеше, Солнышко тобы қыздарымыздың орындаудағы домбырамен біін тамашалаңыздар.

**Би:** «Биңыл»

**Желаяқ:** келеді

**Желаяқ:** Ой, ой, ой. Мен кайда келдім.

**Жүрг:** Сәлеметсіз бе, ата! Сіз «Болашақ» балабақшасындағы Наурыз тойына келдініз.

**Желаяқ:** Е, бағыттың дұрыс екен.

**Жүрг:** Е, сіз Желаяқ екенсіз гой.


**Желаяқ:** Я, Желаяқ мен болам. Жолда қатты жел түрганда мен қасымдағы достарымнан адасып қалдым. Осында Наурыз тойын бірге тойлау үшін келе

жатырған едік. Менің қасымда Алдар көсе мен байеке бар еді.

**Жүрг:** Қош келдің! Ендеше, бізге мерекеге қандай сыйлық алып келдініз.

**Желаяқ:** Сізге мына кішкентай балалармен ойнайтын ойын ала келдім.

**Ойын:** "Кім тез"



*Ортага Алдар көсө әндептің шығады. Алдар көсө:* Мен, Алдармын, Алдармын,  
Сайганды да арбаймын.  
Сарандарға қаттымын,  
Кедейлерге балдаймын.

Мен, Алдармын, Алдармын,  
Шегі жоқ бұл данқымның.  
Өнерімді арнаймын,  
Бақыты үшін халқымның.

Ән айттып жатқан балалардың даусын естіп келдім. Бұл жерде мереке болыш жатыр ма?

Жүргізуши: Иә, Алдар көніл - күйің жақсы екен, амансың ба?

Алдар: Амансыздар ма! Наурыз мейрамы құтты болсын.

Иә, сараң байды алдаң, мінекей Наурыз мейрамына жана шапан киіп көнілді келемін. (корсетіп кояды шапанын)

Жүргізуши: Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізben бірге карсы ал, Наурыз мейрамы құтты болсын!

Алдар: Рахмет! Мен сендерге құр қол келген жоқсын. Ұлттық ойындардың бірі асық ату ойынын, ойнауга бір дорба асықтар ала келдім.



Ойын: (Асық ойыны)

Жүргізуши: Рахмет саған Алдар. Ойының балаларға өте ұнады, кел дастархан басына төрлет.

Алдар: Рахмет (дастархан басына отырады)

Жүргізуши: Наурыз тойын бастаймыз

Бимен оны қостаймыз

Би: "Тұлпарым" Куыршак тобының ұлдары



**Эн:** "Наурыз всех приглашает" Солнышко тобы

Алдар: Ана жерде бай келе жатыр қазір мен алдайын оны .

Атқа мінген Бай келеді.

**Көрініс :** «Алдар мен Бай»

Ойын: «Тенге алу»



**Залга ақ жауалықты Ақ әже келеді.**

Жүрг: Армысыз ақ әже қош келдіңіз.

**Ақ әже:** Бар бол балам. Наурыз құтты болсын, қайда барсаң жол болсын.

Ойын: «Орамалмен»



Жұрг:Рахмет ак әже. Наурыз мерекесіне орай мына балаларға өз тілегіңізді айтып жіберіңіз.

Жұрг:Ак әже балаларға қандай сый әкелгенсіз?

Ақ әже:Адал астан бүйырған

Дәм татсын деп ел жыйылған

Бидай салдым көжеге

Мол болсын деп биыл нан.

Осы ак дәмнен ауыз тиіндер қараптады.

*Наурыз көнде дастарханга қойылып, балалар мен көрермендерге ұсынылады.*

Ақ әже бата береді. Айналып келіп ай мен жыл

Аман есен көруге жазсын.

Наурыз тойы құтты болсын,

Ақ мол болсын!

Жер көгеріп малға толсын.

Ұлыс оң болсын! /Әумін/